

«БЕКІТЕМІН»

«Қ.Әбдіғұлов атындағы № 34 ЖББОМГ» КММ

Мектеп-гимназия директоры

З.М.Марипова

« » 2024-2025 жыл

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту Министрінің
«30» шілде 2024 жыл
№194 бұйрығына 2-қосымша

**Қ.Әбдіғұлов атындағы №34 жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясының
2024-2025 оқу жылына арналған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру
бойынша жұмыс жоспары**

Негіздеме:

- ❖ Қазақстан Республикасының Оқу- ағарту Министірінің Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы 30.04.202 жылғы №194 бұйрығы
- ❖ Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта техникалық кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 -2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы
- ❖ «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» ӘНХ

Бағдарламаның мақсаты:

Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;

адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту; табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;

отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;

өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;

әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;

өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;

еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;

біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;

білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру.

Бағдарлама мазмұны

Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;

Қаңтар – заң және тәртіп айы;

Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;

Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі:

Құндылық: тәуелсіздік және отаншылдық

Құзыреттілік: ұлттық мүддені дамыту

Мектепке дейінгі ұйым түлегі:

Отан, ел, туған өлке туралы қарапайым түсініктері;

Қазақстанның мемлекеттік рәміздері туралы білімдері;

мемлекеттік тілді үйренуге ұмтылу;

ұлттық мерекелер, ойындар, дәстүрлер туралы білімдері;

туған өлкенің табиғатына қамқорлықпен қарау бойынша біліктері мен дағдылары бар.

Бастауыш мектеп түлегі:

мемлекеттік тілді білу және құрметтеу;

мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету және өз еліне сүйіспеншілік таныту;

дәстүрлерді сақтау және құрметтеу;

отбасының құндылығын түсіну;

тарихи және мәдени мұраны зерттеуге қызығушылық таныту;

қоршаған ортаға қамқорлық жасау.

Негізгі орта мектеп түлегі:

Қазақстанның тарихын, мәдениеті мен дәстүрлерін, оның тәуелсіздігін және оны сақтаудың маңыздылығын түсіну;

Қазақстанның тарихы мен мәдениетіне құрмет көрсету;

Қазақстанның мемлекеттік рәміздеріне, ұлттық мерекелерге құрмет көрсету;

азаматтық және ұлттық бірегейлікті түсіну;

мемлекеттік тілді меңгеру;

Қазақстанның мәдени мұрасын сақтау және оны әрі қарай дәріптеу бойынша волонтерлік қызмет пен жобаларға қатысу;

әр түрлі ұлт өкілдерімен сыйластық қарым-қатынас;

Қазақстан азаматының міндеттерін орындауға, өз елінің мүдделері мен құндылықтарын қорғауға дайын болу.

Жалпы орта мектеп түлегі:

халықпен/ мемлекетпен бірлікті және өз мемлекетінің дамуы үшін жеке жауапкершілікті түсіну;

ұлттық және мәдени бірегейлікті түсіну;

мемлекеттің тарихи және мәдени мұрасын, дәстүрлерін, мерекелерін құндылық ретінде бағалау;

мемлекеттік тілді жетік меңгеруге және оны белсенді қолдануға ұмтылу;

отандық және әлемдік мәдениетті танудың құралы ретінде оқуға деген тұрақты қызығушылық;

Отанын қорғауға дайын болу, халық пен мемлекеттің егемендігі мен қадір-қасиетін дәлелді түрде қорғай білу.

Құндылық: бірлік және ынтымақ

Құзыреттілік: тиімді коммуникация

Мектепке дейінгі ұйым түлегі:

отбасындағы, балабақшадағы, қоғамдық орындардағы қарапайым мінез-құлық нормаларын білу;

басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табысуға дайын екендігін таныту;

ойы мен сезімдерін білдіре алу;

Бастауыш мектеп түлегі:

командада жұмыс істеу, бір-бірін тыңдау және ортақ мақсатқа жетуде бірлесіп әрекет ету;

өз ісіне мұқият болу және басқаларға көмек көрсету;

басқаларға құрмет көрсету және олардың ерекшелігіне төзімді болу;

бірлескен жетістіктерге ұмтылу және ұжымдық күш жігерді ынталандыру;

тапсырмаларды орындауда және мәселелерді шешуде бір-біріне көмектесу.

Негізгі орта мектеп түлегі:

қоғамдағы әлеуметтік нормаларды, ережелерді білу және түсіну;

сенімді қарым-қатынас орнату және сыныпта жағымды ахуалды сақтай білу;

тек өзі үшін ғана емес, жалпы ұжым үшін де жауапты болуға дайын болу;

бірлескен іс-әрекет пен өзара іс-әрекет кезінде басқалардың пікірлері мен сезімдерін құрметтей білу;
басқалармен жағымды қарым-қатынас орната білу және қоғамдық өмірге үлес қосу.

Жалпы орта мектеп түлегі:

әлеуметтік, іскерлік және ресми контексте жалпы және ұлттық этикет нормаларын қолдану;
ортақ мақсатқа жету үшін басқалармен бірлесіп әрекет ету және өзіне жүктелген міндеттерді жауапкершілікпен орындау;
басқа адамның сезімін және эмоционалды жай-күйін түсіну;

қоғамның игілігіне, қоршаған ортаны қорғауға және адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған іс-әрекеттер мен шешімдерде қоғам алдындағы міндеттерді жүзеге асыру және орындау;

мектептегі және мектептен тыс іс-шаралар мен волонтерлік қызметте басқаларға көмектесуге және қоғамдық пайдалы істерге қатысуға дайын болу.

Құндылық: әділдік және жауапкершілік

Құзыреттілік: қоғамға қызмет

Мектепке дейінгі ұйым түлегі:

жауапкершіліктің қарапайым дағдыларын меңгеру;
уәделерді орындай білу.

Бастауыш мектеп түлегі:

шындықты айту; достыққа адал болу; жақсылық пен жамандықты, әділдік және әділетсіздікті ажырата білу;
өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарау; заттар мен мүлікті ұқыпты ұстау.

Негізгі орта мектеп түлегі:

өз әрекетін жоспарлау және ұйымдастыру;
әдеп нормасына сәйкес өзінің және басқалардың іс әрекеттерін талдау;
оқу тапсырмасын орындауда табандылық таныту;
берілген ортақ іс үшін ұжым алдындағы жауапкершілікті түсіну;
басқаға көмектесуге, мейірімділік танытуға дайын болу;

Жалпы орта мектеп түлегі:

нәсіліне, жынысына, жасына, дініне және басқа да ерекшеліктеріне байланысты кемсітусіз барлық адамдар үшін тең құқықтар мен мүмкіндіктерді қамтамасыз ету қағидаттарын басшылыққа ала білу;

әр адамның еңбегін мен қадір-қасиетін әділ бағалау, оның жеке басына құрмет көрсету және қарым-қатынаста сыпайылық таныту қағидаттарын басшылыққа ала білу;

қаржылық, материалдық және уақыт ресурстарын ұтымды және ұқыпты қолдану;

белгіленген стандарттардың, нормалар мен ережелердің сақталуын қамтамасыз ету және оған сәйкес әрекет ету;

тапсырманы жоспарланған мерзімге сәйкес уақытылы және сапалы орындау.

Құндылық: заң және тәртіп

Құзыреттілік: азаматтық борыш және парасаттылық

Мектепке дейінгі ұйымның түлегі:

жалпы қабылданған мінез-құлық нормалары мен ережелері жөнінде қарапайым түсініктердің болуы;

үлкендерді құрметтей білу;

үйде, балабақшада, қоғамдық орындарда дұрыс мінез-құлықтың қарапайым дағдыларын қалыптастыру.

Бастауыш мектеп түлегі:

өз құқықтары мен міндеттерін білу, әдеп нормаларын ұстану, сыныптағы және мектептегі мінез-құлық ережелерін сақтау;

қауіпсіздік ережелерін, оның ішінде жол қозғалысы ережелерін білу және сақтау;

педагогтерге немесе ата-аналарға проблеманың алдын алу және шешу үшін шаралар қабылдауда көрген немесе білетін қауіптер туралы хабарлау;

кемсітушілік пен қудалаудың кез-келген түрінен аулақ бола отырып, педагогтердің, сыныптастарының құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеу.

Негізгі орта мектеп түлегі:

құқықтық жүйе мен адам құқығы негіздерін білу; тәртіп пен әділдік, нормалар мен ережелерді сақтау қажеттілігін түсіну; қоғамды қорғау мен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі заң мен тәртіптің маңыздылығын білу.

Жалпы орта мектеп түлегі:

өз ойларын, эмоцияларын және мінез-құлықын бақылау, қоғамдық игілік мүддесі үшін күнделікті жағдайларда белгіленген ережелер мен рәсімдерді, үйлесімді әлеуметтік қатынастарды сақтау;

моральдық принциптер мен нормаларды және оқу-танымдық іс-әрекеттегі адал мінез-құлықты ұстану;

тұрақты даму принциптерін өмір салтына айналдыру, баламалы энергия көздерін пайдалану, табиғи ресурстарды үнемді тұтыну;

Құндылық: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Құзыреттілік: инновациялық ойлау

Мектепке дейінгі ұйымның түлегі:

үйде, топта қарапайым тапсырмаларды орындай білу; үй жануарларына, бөлме өсімдіктеріне күтім жасау дағдыларының болуы; жеке гигиенаны өз бетінше сақтау, ұқыпты киіну және өз заттарын күту, өз бетінше тамақтану және тазалықты сақтай білу; жеке қауіпсіздік ережелерін сақтау.

Бастауыш мектеп түлегі:

мамандықтың ерекшеліктерін білу және адамдардың еңбегін құрметтеу;

өз-өзіне қызмет ету және өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қолдану;

отбасында және оқуда қажетті жұмыстарды жүйелі түрде тәртіпті және сапалы орындау;

нәтижеге жету мақсатын белгілеу және оны іске асыруды жоспарлау, ұйымдастыру және оған қол жеткізуге ұмтылу;

өз білімі мен дағдыларын дамыту үшін тыңғылықты жұмыс істеу.

Негізгі орта мектеп түлегі:

өзінің және басқалардың еңбегінің нәтижелерін бағалау;
түрлі мамандықтар мен олардың қызмет ерекшеліктерін зерттеуге қызығушылық таныту;
өз уақытын тиімді жоспарлай білу және кез келген қызметтің нәтижелеріне қол жеткізу үшін күш салу;
еңбек қоғамдық және табысты болудың негізі екенін түсіну;
жеке мүдделерді, қажеттіліктерді ескере отырып, білім мен өмірлік жоспарлардың жеке траекториясын саналы түрде таңдауға және құруға дайын болу.

Жалпы орта мектеп түлегі:

тапсырмаларды тиімді орындау үшін қажетті академиялық және техникалық, заманауи технологиялар мен әдістер туралы білімінің болуы;

өзін-өзі ұйымдастыру, міндеттерге басымдық беру, жұмыс уақытын жоспарлау;
нәтижелерге қол жеткізу және жақсарту үшін күш салуға дайын болу;
еңбек әдебі мен сапа стандарттарын түсіну;
дамуға және оқуға үнемі ұмтылу.

Құндылық: жасампаздық және жаңашылдық

Құзыреттілік: шығармашылық

Мектепке дейінгі ұйымның түлегі:

шығармашылыққиялменелестетугенегізделгенөнертабысқақызығушылық таныту; сурет салу, мүсіндеу, құрастыру дағдыларының болуы; жаңа нәрсе жасау үшін қалыптасқан біліктер мен дағдыларды қолдана білу.

Бастауыш мектеп түлегі:

Қоршаған әлемді зерттеу, сұрақтар қою, эксперименттер жүргізу және алынған мәліметтер негізінде қорытынды жасай алу;
Жаңа идеяларды қалыптастыру, мәселелердің стандартты емес шешімдерін көру және оларды іс жүзінде қолдана алу;
инновациялық идеяларды жүзеге асыруға ықпал ететін компьютермен жұмыс істеу негіздерін және басқа да технологиялық дағдыларды меңгеру;

жаңа тәсілдермен технологияларды қолдануды талап ететін балалар жобаларына қатысуға дайын болу;
өз әрекеттерінің қоршаған әлем үшін маңыздылығымен салдарын түсіну.

Негізгі орта мектеп түлегі:

Тапсырмаларға шығармашылықпен қарай білу, өзшешімдері мен идеяларын ұсына білу;
Өз бетінше әрекет ету және жобаларды іске асыру;
бақылау, өлшеу, эксперименттермен тәжірибелер жүргізу;
модельдеу, таным объектілерінің құрылымын анықтау, бір бүтіннің әртүрлі бөліктері арасындағы қатынастарды іздеу және бөлу, процестерді кезеңдерге бөлу, себеп-салдарлық байланыстарды анықтай алу;
оқу есептерін шешудің оңтайлы тәсілдерін таба білу, ол үшін жаңаларын қолдану және бұрыннан таныс алгоритмдерді біріктіру, оларды стандартты емес есептерді шешуге қолдана алу;

әртүрлі таным құралдарын қолдану дағдылары, әлем туралы білім жинақтау (тілдік, оқырмандық мәдениет, ақпараттық, цифрлық ортадағы қызмет).

Жалпы орта мектеп түлегі:

Зерттеу жүргізу және ғылыми тәсілді қолдану қабілеті;

Ақпаратты талдау және бағалау;

Жаңа идеяларды ұсыну;

Заманауи цифрлық құралдармен технологияларды меңгеру;

Мақсаттарға жету үшін бастаманы ұсыну, жаңа мүмкіндіктер іздеу және идеяларды іске асыру барысында ресурстарды тиімді пайдалану.

I.Тәрбиені нормативтік құқықтық қамтамасыз ету	

- | | |
|--|--|
| | <ul style="list-style-type: none">❖ Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту Министірінің Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы 30.04.202 жылғы №194 бұйрығы❖ «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.01.2016 ж. №18 бұйрығы❖ «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР БҒМ 14.01.2016 ж. №26 бұйрығы❖ «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 4.05.2020 ж. №175 бұйрығы❖ «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.08.2021 ж. № ҚР ДСМ-76 бұйрығы❖ «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.01.2022 ж. №6 бұйрығы❖ «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» (Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі❖ «Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия туралы үлгі ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы № 789 қаулысы❖ «Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламат- тығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 31.08. 2023 ж. № 748 қаулысы❖ «Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 25.05.2021 ж. № 235 бұйрығы❖ «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» ӘНХ |
|--|--|

Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмыс жоспары

Орта білім беру ұйымдарына арналған тәрбие жұмысы жоспары				
Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы 1 қыркүйек – Білім күні 5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні Қыркүйектің үшінші жексенбісі – Аналар күні Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні Апта сайынғы әр сынып сағатының соңында немесе басында 10 минут қауіпсіздік сабақтарына арналады.				
Апта дәйексөзі: Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев)				
№	Іс шаралар атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімдері
1	«Мектеп – мейірім мекені!» Білім күніне салтанатты жиын, бірыңғай сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Әзірleme, ақпарат, әлеуметтік желіге жариялау	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері	01.09. 2024 ж
2	«Тілім менің ғасырларға аманат» Апталығы	Әзірleme, ақпарат, қатысушылар мониторингі әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО Сынып жетекшілер Қазақ тілі мен әдебиет бірлестігі.	1-апта 02-06.09.2024 ж
	ЖЖЕ 1- 4 сынып (6 сағат) ЖҚЕ 5 -8 сынып (10 сағат)			
3	«Мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстыру» саптық жиын	әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО, Сынып жетекшілер Пән мұғалімдері Мектеп парламенті	02.09.2024 ж

4	Мектепшілік тәрбие жоспарын, сынып жетекшілер жоспарын бекіту. Сынып жетекшілер бірлестігінің отырысы. (Мектеп жарығысымен және еңбек қауіпсіздігінің техникасымен таныстыру)	Хаттама	ДТІЖО Сынып жетекшілер	06.09.2024 ж
5	«Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» апталығы Ата-аналарда педагогикалық қолдау орталығы	Ақпарат, әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО сынып жетекшілер	2-апта 09-13.09.2024 ж
	«Дара сынып» облыстық жобасы			Жыл бойы
6	«Көшбасшылық-бір мақсатқа жетелейтін қасиет» мектеп парламентінің сайлауы Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Ақпарат, парламент құрылымы, тізімі әлеуметтік желіге жариялау	Педагог-ұйымдастырушы	3-апта 16-19.09.2024 ж
7	Аналар күніне арналған «Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру» support сағаты Ата-аналарда педагогикалық қолдау орталығы	Қатысушылар мониторингі, хаттама	ДТІЖО, сынып жетекшілері, 1-4 сынып, 5-8 сынып педагог-психолог, әлеуметтік педагог	20.09.2024 ж
8	«Еңбек түбі береке» сынып сағаты «Еңбегі адал жас өрен» жобасы Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Ақпарат, әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшілер Мектеп парламенті	4-апта 23-27.09.2024 ж
Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық 1 қазан – Халықаралық қарттар күні 5 қазан – Мұғалімдер күні 24 қазан – Кітапханашылар күні 25 Қазан – Республика күні				
1	«Қарттарым асыл қазынам» мектепшілік іс-шара	Акция қорытындысы бойынша ақпарат, әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшілер Тәлімгер Мектеп парламенті	1-апта 01.10.2024 ж

2	«Шабьт» жобасы «Даналық ұстаздан» челленджі «Қалдырған ізің мәңгілік...» мерекелік іс-шара (11 сынып) Дублер күні. Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Ақпарат, әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО сынып жетекшілер Тәлімгер Мектеп парламенті	1-апта 04.10.2024 ж
3	«Қамқор» жобасы. «Қоғамға қызмет ету» волонтерлық қызмет акциясы. Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Акция қорытындысы бойынша ақпарат, әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО, сынып жетекшілер Тәлімгер,әлеуметтік педагог Мектеп парламенті	2-апта 07.10.2024 ж
4	"Қыз қылығымен көрікті" дөңгелек үстел Халықаралық қыздар күні	Акция қорытындысы бойынша ақпарат, әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО, сынып жетекшілер Тәлімгер Мектеп парламенті	2-апта 10- 11.10.2024 ж
5	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы «Құтқарушы – құрметке лайық мамандық» құтқарушылар күніне арналған телемост (Мамандықтар әлемі) Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Акция қорытындысы бойынша ақпарат, әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО сынып жетекшілер Мүдделі мемлекеттік органдар өкілдері	3-апта 18.10.2024 ж
6	«Тәуелсіздік - Алашымның арманы» онкүндігі - «Жастар –жарқын болашаққа» CUP III турнирі - «Бізге аманат» медиажобасы - «Қазақстаным, мен сенімен мақтанамын» ұжымдық композициялар шеруі - «Неткен сұлу, неткен көркем, Осы менің туған өлкем» өнер галереясы - «I love KZ» фотогалереясы Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Онкүндік қорытындысы бойынша ақпарат, әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО Сынып жетекшілер Тәлімгер Мектеп парламенті	3-4апта 14- 24.10.2024 ж
7	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы «Менің ата- анамның кәсібі» челленджі «Ата-ананың жұмысындағы бір күн» жобасы	Мониторинг, ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО Сынып жетекшілер	4-апта 28.10.2024 ж
8	«Күзгі асар» жәрмеңкесі "Еңбегі адал-жас өрен" жобасы	Ақпаратты әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО, Сынып жетекшілер Тәрбиешілер	4-апта 29.10.2024 ж

9	«Балалар кітапханасы» жобасы «Демалыста кітап оқимыз» челленджі (күзгі демалыс) «OQU сағаты» жобасы	Мониторинг, ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшілер Кітапханашы	4-апта 28-31.2024 ж
Қараша – әділдік және жауапкершілік айы 15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні 16 қараша – Халықаралық толеранттылық күні 20 қараша- Дүниежүзілік балалар құқығын қорғау күні				
1	«Адал азамат –Адал еңбек – Адал табыс» сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшілері	1-апта 04.11.2024 ж
4	Халықаралық толеранттылық күніне арналған акция	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО Сынып жетекшілер	2 –апта 11.11.2024 ж
3	«15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні» сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшілері	2 –апта 15.11.2024 ж
5	«Ұшқыр ой алаңы» зияткерлік ойыны	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	Қосымша білім беру педагогтері (үйірме жетекшілері)	2 –апта 13.11.2024 ж
6	«SMART BALA» жобасы «Startup» байқауының басталуы	Ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	Тәлімгер Мектеп парламенті	3-апта 14.11.2024 ж
7	«Барлық әлем мен үшін» апталығы 20 қараша Дүниежүзілік балалар құқығын қорғау күніне арналған - «Өз құқығыңды білесің бе?» еркін микрофон - «Менің құқығым мен міндетім» - «Буллингтен қорған!» әңгіме сағаты - «Адам құқығы - бала құқығын қорғаудан басталады» дөңгелек үстел Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшілер Мектеп парламенті Мүдделі мемлекеттік органдар өкілдері	3-апта 11- 20.11.2024 ж

8	«Өмірге салауатты қадам» алдын алу іс-шарасы (9-11 сыныптар) Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшілер Мүдделі мемлекеттік органдар өкілдері	4апта 25.11.2024 ж
9	«Өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік» сынып сағаты ЖҚЕ 5 -8 сынып	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшілер Мүдделі мемлекеттік органдар өкілдері	4апта 18.11.2024 ж
Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы 1-желтоқсан ЖИТС-ке қарсы күн 5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күні 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні				
1	«Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» акциясы Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшілер	1-апта 02.12.2024 ж
2	«Жетістігімді еліме арнаймын» республикалық челленджі, мектепшілік тәуелсіздік күніне арналған іс-шаралар Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшілер, тәлімгер, Мектеп парламенті	2–апта 09.12.2024 ж
3	«Балалар кітапханасы» жобасы (әдеби кеш) "Тәуелсіздік азаттығым, бақ күнім!" Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	Кітапханашылар	2 –апта 10.12.2024 ж
4	Буллингтен қорған! Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшілері, психолог мүдделі мемлекеттік органдармен бірлескен жұмыс	3-апта 09.12.2024 ж
5	«Ұшқыр ой алаңы» дебаты	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	Тәлімгер, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	3-апта 20.12.2024 ж
6	«Ойынға салауатты көзқарас» Алдын алу іс-шарасы (лудоманияның алдын алу шарасы) Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшілер, психолог мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	4-апта 23.12.2024 ж
7	«Бірлік және ынтымақ» құндылығы Мақсат. Әрекет. Көшбасшы. Мектеп парламенті. Ой алаңы. Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	Тәлімгер, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	4-апта 24.12.2024 ж

	ЖЖЕ 1- 4 сынып ЖҚЕ 5 -8 сынып			
8	Жаңа жылдық мерекелік іс-шаралар		ДТІЖО Сынып жетекшілер	4-апта 26- 27.12.2024 ж
Қаңтар – заң және тәртіп айы				
1	Түлектермен кездесу			
2	"Біз – сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!" сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	Қаңтардың 2 аптасы 13.01.2025 ж
3	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы «Мамандықтар марафоны» байқау «Ата-ананың жұмысындағы бір күн» жобасы Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	Көркем еңбек, информатика, робототехника мұғалімдері	Қаңтардың 2 аптасы 16.01.2025 ж
4	«Ұшқыр ой алаңы» зияткерлік ойыны	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	Үйірме жетекшілері	Қаңтардың 3 аптасы 20.01.2025 ж
5	Буллингтен қорған! Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшілері, психолог, әлеуметтік педагог	Қаңтардың 3 аптасы 22.01.2025 ж
6	«Заң және Тәртіп» құндылығы Қауіпсіздік сабағы (10 минут) ЖҚЕ 5 -8 сынып	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшілері	Қаңтардың 4 аптасы 27.01.2025 ж
7	«Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» байқауы	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	Информатика, жаһандық құзыреттілік мұғалімдері	Қаңтардың 4 аптасы 29.01.2025 ж
Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық				
14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні 15-ақпан - Кеңес әскерлерінің Ауғанстан жерінен шығарылған күні. Ақпанның бірінші сейсенбісі – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні				

1	Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	Ақпан айының 1 аптасы 06.02.2025 ж
2	«Ұшқыр ой алаңы» дебаты «Болашақтың сенімді бастауы- жастар»	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	Тәлімгер, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	Ақпан айының 1 аптасы 07.02.2025 ж
3	Буллингтен қорған! Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшісі, психолог	Ақпан айының 2 аптасы 10.02.2025
4	15-ақпан - Кеңес әскерлерінің Ауғанстан жерінен шығарылған күні. Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	Ақпан айының 2 аптасы 13.02.2025 ж
5	«Шын жүректен кітап сыйла!» челленджі	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	Кітапханашы, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	Ақпан айының 3 аптасы 17.02.2025 ж
6	«Startup» байқауының аяқталуы	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшілері Мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	Ақпан айының 3 аптасы 20.02.2025 ж
7	Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік Қауіпсіздік сабағы (10 минут) ЖҚЕ 5 -8 сынып	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшілері	Ақпан айының 4 аптасы 24.02.2025 ж

Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы

1 наурыз – Алғыс айту күні

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні

21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі

30 наурыз – Дүниежүзілік Жер күні				
1	Алғыс – ізгі ниет Қауіпсіздік сабағы (10 минут) ЖЖЕ 1- 4 сынып ЖҚЕ 5 -8 сынып	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшілері	Наурыздың 1 аптасы 03.03.2025 ж
2	«Ананың аялы алақаны» республикалық челленджі	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшілері Мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	Наурыздың 1 аптасы 06.03.2025 ж
3	Ойынға салауатты көзқарас Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	Наурыздың 2 аптасы 10.03.2025 ж
4	«Ұлттық мәдениет» көрмесі	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	Көркем еңбек мұғалімдері, сынып жетекшілері мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	Наурыздың 2 аптасы 12.03.2025 ж
5	"Салт-дәстүрім асыл қазынам" Мектеп театры	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	Эстетикалық цикл пәндер мұғалімдері,/тілдік пәндер мұғалімдері, қосымша білім беру педагогтері, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	Наурыздың 3 аптасы 17.03.2025 ж
6	Наурыз – жыл басы Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшілері	Наурыздың 3 аптасы 18.03.2025 ж
7	«Жер сағаты» экологиялық акциясы	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	Жаратылыстану ғылымдарының апталығы/онкүндігі шеңберінде пән мұғалімдері	Наурыздың 4 аптасы 20.03.2025 ж
Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы 1 сәуір – Халықаралық құстар күні 2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні 7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні 12 сәуір – Ғылым күні 15 сәуір – Халықаралық мәдениет күні				

18 сәуір – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні				
23 сәуір – Ұлттық кітап күні				
1	Халықаралық құстар күніне арналған «Қауырсынды достарым» акциясы	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	ДТЖО, сынып жетекшілері	Сәуірдің 1 аптасы 01.04.2025 ж
2	"Біз таңдаған кітаптар" TEDX форматы	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшілері	Сәуірдің 1 аптасы 02.04.2025 ж
3	Алғыс – ізгі ниет Қауіпсіздік сабағы (10 минут) ЖЖЕ 1- 4 сынып ЖҚЕ 5 -8 сынып	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшілері	Сәуірдің 2 аптасы 7.04.2025 ж
4	Өмірге салауатты қадам Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	ДТЖО, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	Сәуірдің 2 аптасы 09.04.2025 ж
5	«Ұшқыр ой алаңы» дебаты Қаныш Сәтбаевтың туған күніне арналған турнир	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	Тәлімгер, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	Сәуірдің 3 аптасы 11.04.2025 ж
6	Буллингтен қорған! Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	Сәуірдің 3 аптасы 14.04.2025 ж
7	Қоғамдық мүлікті қорға! Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	Сәуірдің 3 аптасы 18.04.2025 ж
8	"Егілген ағаш-еретеңім" түлектердің ағаш егуі экочелленджі	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшілері Мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	Сәуірдің 4 аптасы 23.04.2025 ж
9	«Атадан-өсиет, анадан қасиет» ата-аналарға арналған шеберлік сынып	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшілері / педагог-психологтер	Сәуірдің 4 аптасы 25.04.2025 ж
Мамыр – бірлік және ынтымақ айы 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні				

9 мамыр – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні 15 мамыр – Халықаралық отбасы күні 18 мамыр – Халықаралық мұражайлар күні 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні				
1	«Біз әртүрліміз, бір теңбіз» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 6 ЖЖЕ 1- 4 №10 ЖЖЕ 5 -8	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшілері	Мамырдың 1 аптасы 02.05.2025 ж
2	«Асық- асыл қазына» челлендж	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	Дене шынықтыру пән бірлестігі	06.05.2025 ж
3	«Жас сарбаз» әскери-патриоттық айлық	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	АӘДТ пән мұғалімдері, музыка пәнінің мұғалімдері, сынып жетекшілері, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	Мамырдың 2 аптасы 09.04- 09.05.2025 ж
4	Ұлы Жеңіске - 80 жыл	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	ДТЖО, сынып жетекшілері	08.05.2025 ж
5	Қауіпсіз қоғам Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	ДТЖО, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	Мамырдың 3 аптасы 12.05.2025 ж
6	Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы. Отбасы күніне арналған «Отбасылық дәстүрлер» апталығы	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшілері	Мамырдың 2 аптасы 12- 15.05.2025 ж
7	Буллингтен қорған! Қауіпсіздік сабағы (10 минут))	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшілері. психолог	Мамырдың 3 аптасы 16.05.2025 ж
8	«Мақсат. Қадам. Сенім» панорамалық кеш	Ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	ДТЖО, педагог-ұйымдастырушы, сынып жетекшілері	22.05.2025 ж
9	«Түлектен табиғатқа» «Жасыл мекен» акция аясында ағаш отырғызу рәсімі	Ақпарат, әлеуметтік желіге жариялау	ДТЖО, педагог-ұйымдастырушы, сынып жетекшілері	20.05.2025 ж
11	Білімім – Отаныма! Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Ақпарат әлеуметтік желіге жариялау ақпарат	Сынып жетекшілері	Мамырдың 4 аптасы

	«Біздің сыныптың бір жылы»	әлеуметтік желіге жариялау		23.05.2025 ж
12	25-мамыр соңғы қоңырау мерекесі - мектепшілік іс-шарасы	Ақпарат әлеуметтік желіге жариялау ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО, педагог-ұйымдастырушы, сынып жетекшілері	Мамырдың 4-аптасы 25.05.2025ж.
13.	Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні	Ақпарат әлеуметтік желіге жариялау ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	Мамырдың 4 аптасы 31.05.2025 ж
14.	1-маусым Халықаралық балаларды қорғау күні мерекесі.	Ақпарат әлеуметтік желіге жариялау ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО, педагог-ұйымдастырушы, сынып жетекшілері	Маусымның 1-аптасы 01.06.2025ж.
15.	2-маусым Мектеп жанындағы күндізгі жазғы лагерьдің ашылуы.	Ақпарат әлеуметтік желіге жариялау ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО, 1-4 сынып жетекшілері	02.06. – 30.07. 2025ж.
16.	4-маусым Қазақстан Республикасының Рәміздері күні	Ақпарат әлеуметтік желіге жариялау ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО, сынып жетекшілері	04.06.2025ж.
17.	16-маусым Түлектерге аттестат тапсыру кеші	Ақпарат әлеуметтік желіге жариялау ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО, сынып жетекшілері	16.06.2025ж.
18.	«Жасыл мекен» акция аясында көгалдандыру жұмыстарын басталуы	Ақпарат әлеуметтік желіге жариялау ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО, 5-10 сынып жетекшілері	16.06.- 30.07. 2025ж.
19.	10-тамыз Абай күні. Абай Құнанбайұлының туылған күніне орай ұйымдастырылған іс-шара	Ақпарат әлеуметтік желіге жариялау ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО, сынып жетекшілері	10.08.2025ж.
20	30-тамыз Қазақстан Республикасының Конституция күні	Ақпарат әлеуметтік желіге жариялау ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО, сынып жетекшілері	30.08.2025ж.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары:

Ш.А.Шарипбаева

А.Қ.Ұзақ

